



7 – тақырып. Кәсіпкерлік мәмілелерді ұйымдастыру


- 1. Кәсіпкерлік мәмілелер және олардың түрлері
- 2. Кәсіпкерлік жүйесіндегі әріптестік
- 3. Шарттардың жіктелуі, оны дайындауға қойылатын негізгі талаптар, шарт тауарларының құрылымы мен мазмұны.

1. Кәсіпкерлік мәмілелер және олардың түрлері

- Мәміле деп азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттерін айтады. Яғни, мәміле мақсаты азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, осындай құқықтар мен міндеттерді өзгерту не болмаса оларды тоқтату болып табылады.


Мәмілеге мындай белгілер тән:

- Мәміле – адамдардың ерікті іс- әрекеті, ерікті акт;
- Мәміле – заңмен мақұлданған заңды әрекет;
- Мәміле – азаматтық құқықтық қатынастарды жасауға, өзгертуге, тоқтатуға бағытталған әрекет.



□ Мәмілені жасау нәтижесінде пайда болатын құқықтық салдарлар азаматтық заңнамамен анықталатындақтан, мәміле азаматтық қатынастарды туындатады.

□ Азаматтар мен заңды тұлғалар мәліме жасаушы субъектілер бола алады.




Мәміле мен шарт түсініктер болғанымен олардың бір-біріне айырмашылықтары бар екенін атап өту қажет. Мәміле азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған, ал шарттық құқықтық қатынастарды белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған.

Мәмілелер ауызша немесе жазбаша нысанда жасалады. Жазбаша мәміле, өз кезегінде, жай немесе нотариалдық түрде болуы




Мұндай жағдайларда мәмілелер жазбаша түрде жасалуы тиіс:

- Кәсіпкерлік қызмет үндірісінде жүзеге асырылатын мәмілелер;
- Жүз көрсеткіштен жоғары сомаға жасалатын мәмілелер;
- Заңдарда немесе тараптардың келесімдерінде.



Сонымен қатар мәміленің :
келесі түрлері міндетті түрде жазбаша
жасалуы тиіс

- Айып төлеу туралы келісім, негізгі міндеттеменің нысанына қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс.
- Кепілдік немесе кепіл болушылық шарттары жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

- 
- Бір жылдан астам мерзімге жасалған мүлік жалдау шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс.
 - Көлік экспедициясы шарты жазбаша түрде жасалады.
 - Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады.



Мәмілелер келесі жағдайларда жарамсыз болып саналады:

- Кажетті лицензия алмай, не лицензияның қолданылу күшінің мерзімі біткеннен кейін жасалған мәміле.
- Теріс пиғылды бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын мәміле.
- Он төрт жасқа толмаған адам (жас бала) жасаған мәміле.
- Ақыл-есі кем болуы салдарынан әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адам жасасқан мәміле.

Мәміленің көптеген түрлері бар. Олардың ішінде келесілерді бөліп көрсетуге болады:

- Мәмілелер біржақты және екі немесе көпжақты болуы мүмкін
- Мәміледе мәміле жасаудың мақсаттары туралы шарттардың болуына немесе болмауына байланысты себепті немесе абстрактілі мәміле болып бөлінеді.
- Консенсуалды және нақты мәмілелер. Егер консенсуалдық мәмілелерді жасау үшін тараптардың қол қоюы жеткілікті болса, нақты мәмілелер үшін тараптардың келісімімен қатар мәміле затын қарастыру қажет.

2. Кәсіпкерлік жүйесіндегі әріптестік

- Мәмілемен немесе келісім шартпен рәсімделген кәсіпкерлердің арасындағы қатынастар әріптестік байланыстарды сипаттайды. Ол қандай-да бір бизнес-жобаны немесе кәсіпкерлік қызметті іске асыру кезінде туындайды және оның нысанын бизнес- әріптестер ұсынады



Коммерциялық мәмілелерді іске асырудың негізгі үш әдісі қолданылады.


Олар төмендегілер:

- Тікелей өндірушімен жасалатын мәміле;
- Делдалдар арқылы жасалатын мәміле;
- Жоғарыда аталған екі әдістің үйлесуі арқылы жасалатын мәміле.




Тікелей саудалық

(өндірушілермен жасалатын)
мәмілелер деп тауарды (жұмысты, қызметті) өндіруші
мен тікелей тұтынушы
арасындағы операцияны
айтамыз.




Мұндай мәмілелер мынандай бірқатар артықшылықтарға ие болады:

- Тұтынушының өзіне қажетті көлемде және сапада тауарды сатып алуға мүмкіндігінің болуы;
- Сатушы мен сатып алушы арасында тығыз байланыстың болуы;
- Тікелей әрі тығыз байланыстың ұзақ мерзімді әріптестік қарым-қатынасқа ұлғаюы.




□ Саудалық делдалдар – сатып алу және сату бағасының арасындағы айырмашылықтан пайда табатын жеке немесе заңды тұлғалар.

Мұндай делдалдар сатушы немесе сатып алушы төлейтін комиссиялық есебінен де табыс табуы мүмкін.




□ Сауда – делдалдық мәмілелер тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату- сатып алумен байланысты операциялар.





Кәсіпорын мен делдалдың(брокер)
арасындағы өзара қарым-қатынас сипатына
байланысты сауда-делдалдық
операциялардың келесідей түрлерін бөліп
көрсетуге болады:

- 1. Қайта сату бойынша операциялар.
Мұнда делдал тауар өндірушіден
тауарды сатып алады, яғни, меншік
иесі бола отырып қайта сатуды
көздейді.



□ 2. Коммиссиялық операциялар. Мұндай операциялар кәсіпорын мен делдалдың арасындағы комиссиялдық келісім негізінде жүзеге асады. Яғни, делдал тауар өшдірушіден тауарды сатып алмайды, тек соның (тауар өндірушінің) есебінен белгілі бір сыйақы үшін сату сатып алу мәмілесін жасайды.

- 
- 3. Агенттік операциялар. Мұнда операциялар кәсіпорынның атынан және есебінен сату – сатып алу операциясын жүзеге асыру үшін кәсіпорын мен делдалдың арасындағы жасалған агенттік келісім негізінде іске асады.
 - 4. Брокерлік операциялар. Мұнда делдалдар сатушы мен сатып алушының арасында баланыс орнатады. Осындай қызметтер үшін белгілі бір көлемде сыйақы алатын болады.




Кәсіпкерліктегі барлық әріптестік байланыстарды мынандай үш негізгі қызмет сферасы (кәсіпкерлік әріптестік бағыттары) бойынша топтастыруға болады :

- Өндіріс сферасындағы әріптестік;
- Сауда немесе тауар айырбасы сферасындағы әріптестік;
- Қаржылық қатынастар сферасындағы әріптестік.

Өндіріс сферасындағы әріптестік.

- Өндіріс сферасындағы әріптестіктің негізгі түрлеріне бірлескен кәсіпкерлікті, өндірістік кооперацияны, мердігерлік (қосалқы мердігерлік) өндірісті, келісім шарт (контракт) бойынша басқаруды, жобалық қаржыландыруды жатқызуға болады.



Сауда немесе тауар айырбасы сферасындағы әріптестік.

Сауда сферасындағы әріптестікке тауар айырбас операцияларын жатқызуға болады.


Бартерлік мәміле – белгілі бір көлемдегі бір немесе бірнеше тауарларды саны, құны (бағасы) бойынша басқа ұқсас тауарлармен алмастыру операциясы.

Қаржылық қатынастар сферасындағы әріптестік.

Әріптестік нысандарына факторингті, коммерциялық трансфертті, венчурлік қаржыландыруды, сақтандыруды т.б. жатқызуға олады.

«Венчур» (venture) түсінігі ағылшын тілінен аударғанда «тәуекел» деген мағынаны білдіреді, яғни венчурлік капитал – бұл тәуекелді капитал.

Венчурлік капитал – табыстың жоғары нормасын тез арада алу есебінен тәуекел деңгейі жоғары инвестициялау объектілеріне капитал салымын жасаудың ерекше нысаны.



3. Шарттардың жіктелуі, оны дайындауға қойылатын негізгі талаптар, шарт тауарларының құрылымы мен мазмұны.


Шарт дегеніміз екі немесе одан да көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі. Шартты тек жеке тұлғалар ғана емес, азаматтар мен заңды тұлғалар, сондай-ақ, заңды тұлғалар өзара бір – бірімен жасаса алады.



Оны былайша көрсетуге болады:

Шарт жасаудың басты қағидалары:


- Шартты жасау еркіндігі;
- Шартты жасауға мәжбүрлеуге жол бермеу еркіндігі;
- Жасалатын шарттың түрін таңдау еркіндігі;
- Тараптар өз қалауы бойынша шартқа әр түрлі жағдайларды енгізе алатындығы.



Шарттар, негізінен, екі жақты жасалады, бірақ көп жақты шарттар да кездеседі.

Шарт әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі және оны кесте түрінде көрсетуге болады.

| Рет № | <u>Шарттың жіктелу белгілері</u> | <u>Шарттың түрлері</u> |
|------------------|--|---|
| 1 | <u>Заңдық бағытты бойынша</u> | <u>Негізгі (соңғы) шарт</u> <u>Алдың –ала жасалатын шарт</u> |
| 2 | <u>Қатысушылардың арасында құқықтар мен міндеттерді бөлуге байланысты</u> | <u>Біржақты шарт</u> <u>Өзара шарт</u> |
| 3 | <u>Материалдық игіліктердің ауысу сипаттына байланысты</u> | <u>Ақылы шарт</u> <u>Ақысыз шарт</u> |
| 4 | <u>Шартжасасу негіздемесі бойынша</u> | <u>Ерікті шарт</u> <u>Міндетті шарт</u> |
| 5 | <u>Шарт жасасу тәсіліне байланысты</u> | <u>Өзара келісілген шарт</u> <u>Қосылу шарт</u> |



Шарт бір тарапқа екінші тараппен оферта (келісімшартты жасау туралы ұсыныс) және акцептті (осы ұсынысты қабылдау) жіберу арқылы жасалады.

- Оферта – бір немесе бірнеше тұлғаға келісімшарт жасауға жіберілген ұсынысы қабылданған жағдайда, ұсыныс жасаушының адресатпен келісім жасалғанын білдіретін шешім.
- Акцепт- оферта жіберілген тұлғаның оны қабылдау туралы жауабы (коммерциялық ұйымның, дара кәсіпкердің). Акцепт толық және сөзсіз қабылдануы керек.